# САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Қазақ әдебиеті |
| **Мұғалім** | Нурганова Хадиша Едресовна |
| **Мектеп, сынып** | Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, №9 жалпы орта білім беретін мектеп, 7-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі |

BILIM Land
www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаты | Т/Ж1 Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау;<br>А/И1 Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру |
| | **Барлық оқушылар:** Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды; |
| | **Көптеген оқушылар:** Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды, кейбір эпизодтар мен бейнелерді салыстыра алады; |
| | **Кейбір оқушылар:** Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды, шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыра алады. |
| | 1.«Көксерек» әңгімесінің мазмұнын түсіне отырып, негізгі дереккөздерін анықтай алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен тіркестер:**<br>дала тағысы, жыртқыш, қатігез, табиғат перзенті, итаяқ, арлан, көк, сасыр, қараған, шашау, зады, тірсек, қырыс, қорқау,<br>**Талқылауға арналған сұрақтар**:<br>- Көксеректің бойынан түз тағысына тән қандай әрекеттер мен мінез-құлықтарды байқауға болады?<br>- Бейне сюжеттен адамдар әрекеті мен қасқыр туралы қандай ой түйдіңіздер?<br>- Көксеректі жауыздыққа, өшпенділікке баулыған не? |
| Құндылықтарды игерту | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы**,** құрмет, ашықтық, ынтымақтастық, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік |
| АКТ дағдылары | Слайд, бейнекадр, бейнефильмнен үзінді, http://bilimland.kz, Itest.kz, ikitap. kz,www.twig-bilim.kz сайттарының ресурстары, техникалық құралдар, интерактивті тақта, мультипроектор. |
| Қолданылатын әдіс-тәсілдер | «Маңыздылық аймағы», «Оқиға тауы», «Хикая тізбегі» әдістері bilimand.kz, қазақ әдебиеті, аудиохрестоматия, жазушы шығармаларының көрмесі, тақырыптық суреттер, сызба-кестелер, маркер, әдебиет оқулығы. |
| Пәнаралық байланыс | Экология, жаратылыстану, өнер |
| Алдыңғы оқу | М.Әуезов шығармашылығы, «Тірек сөздер» стратегиясы арқылы «МИКС» жаттығуы**,** әңгіме, пейзаж, суреттеу ұғымдары. |

Сабақ барысы

| Сабақ барысы | Жоспар бойынша орындалатын іс-әрекеттер | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 минут | Бүгінгі сабақта талқыланатын мәселе бойынша «Қолшатыр» әдісімен топқа бөлу<br>«Тұлға» тобы | Қолшатыр,<br>А қағазы, |

<table>
<tr>
<td>Білу</td>
<td>Ұраны: Зерттеу, үйрену, құндылықты бағалау.<br>«Табиғат» тобы<br>Ұраны: Сүйіспеншілік, аялау, тілін түсіну.<br>«Әрекет» тобы<br>Ұраны: Мейірім, шуақ, қамқорлық.</td>
<td>суреттер<br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың<br>ортасы<br>6 минут<br><br><br>Түсіну</td>
<td>«Көксерек» бейнефильмнен үзінді.<br>«Кинометафора» әдісі.<br>Көксеректің бойынан түз тағысына тән қандай әрекеттер мен мінез-құлықтарды байқауға болады?<br>Бейнесюжеттен адамдар әрекеті мен қасқыр туралы қандай ой түйдіңіздер?<br>Көксеректі жауыздыққа, өшпенділікке баулыған не?</td>
<td>https://bilimland.kz/upload/content/lesson/15450/media/b3322eb20e728d8f3d1d3f58278c8d93/content/script_00025/media/kz_7s_587_1b.mp4</td>
</tr>
<tr>
<td>4 минут<br><br><br><br><br><br><br>5 минут<br>Қолдану<br><br><br><br><br><br><br><br><br>2 минут</td>
<td>I топқа «Хикая тізбегіне» шығарма үзінділерін сюжетіне қарай орналастыру.<br><br><br><br>II топқа сөздерді «Маңыздылық аймағына» орналастыру.<br><br><br><br>III топқа «Оқиға тауы» әдісі.<br>Кейіпкерлерді шығармадағы алатын орны мен маңыздылығына қарай орналастыр.<br>Дескриптор:<br>Кейіпкерлерді шығармадағы алатын орны мен маңыздылығына қарай жіктей алады.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Қажетті сөзді жазыңыз.<br>Кетерде бұның біреуінің<br>______ қиып қалдырды да, екінші біреуін – ең<br>______ алып жүріп кетті.</td>
<td>Үлестірме<br>Қағаздар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>https://bilimland.kz/asset/public/js/common.js?1</td>
</tr>
</table>

**Қажетті сөздер:** *тірсегін, аяғын, кенжесін, желкесін, үлкенін, ортаншысын.*

548913809

---

5 минут

Талдау

3 минут

**Постер қорғау.**
I «Тұлға» тобы Автор бейнесі
II «Табиғат» тобына Бөлтірік болмысын көрсету.
III «Әрекет» тобына Адамдар әрекетіне талдау.

Ғылыми зерттеулер не дейді:

«Иттер мен қасқырлар: табиғат па, әлде тәрбие ме?»

Фильмнің қысқаша мазмұны

Ерекше тәжірибе үй жағдайында өсірілген қасқырдың жабайы табиғатына не болатынын қарастыруда. Табиғат жеңе ме, әлде тәрбие жеңе ме?

Маңызды деректер

Қасқырлар мен иттердің генетикасы 99,8%-ға ұқсас келеді, бірақ олардың мінез-құлықтарына әсер ететін генетикалық айырмашылықтар ма, әлде қоршаған орта факторлары ма?

Венгриялық ғалымдар тобы бөлтірікті үй жағдайында қолда өсіріп, олардың иттерге ұқсас қасиеттерді дамыта алу қабілетін тексерді.

Иттерге қарағанда, бөлтіріктер жаттығуға не тәртіпке келмеді.

Тәртіпті үй жағдайы бөлтірікке қатты әсер ете коймады.

Үлестірме Қағаздар

https://twig-bilim.kz/kz/film/dogs-and-wolves-nature-or-nurture

---

7 минут

Жинақтау

3 минут

| **Тұжырым кестесі** | **себебі** |
|---|---|
| Сегіз аптадан кейін ғалымдар күшіктердің бойынан өзгеше мінез байқай бастады. | |
| Иттердің бойында адаммен бір болуға деген ынта болады, ал қасқырларда... | |
| Қасқырлар иттер секілді үйретуге көнбейді және  өте өзімшіл болып шықты және тәртіпке... | |
| Бөлтіріктер өздерін жабайы табиғатта... | |
| Олардың мінез құлықтары күннен күнге..., екі айдан кейін қасқырларды үйде ұстау өте... | |
| Төрт ай өткеннен кейін қасқырлар қорыққа қайтарылды. Неге? | |
| Осы ерекше тәжірибе қасқырлардың өсіп-жетілуіне тәрбиенің әсері... қолға... дәлелдеп берді. | |

**Ж   Рөлдік ойын.**
I «Тұлға» тобының бір мүшесі **«Біз – табиғат перзентіміз»** (ойынды дәлелде)

Жеке пікір, Көзқарас

https://twig-bilim.kz/kz/film/dogs-and-wolves-nature-or-nurture

| | | |
|---|---|---|
| | II «Табиғат» тобының мүшесі<br>**«Көксеректің айтары бар...**<br>- Ауыл адамдарының іс-әрекетін ақтауға бола ма?<br>**III** «Әрекет» тобының мүшесі<br>**«Менің әрекетім»**<br>Өз әрекетімді талдар болсам...<br>Мен алдымен...<br>Бұл істің ақыры...<br>**Дескриптор**<br>Адамның табиғат мүшесі екенін дәлелдей алады.<br>Көксеректің адамдарға көзқарасын, наразылығын айта алады.<br>Адамдардың әрекеті қате екеніне дәлел келтіре алады.<br>I,II топқа:<br>3-тапсырма<br>**Дұрыс, бұрысын белгілеңіз дұрыс бұрыс**<br>«Көксерек» әңгімесі – адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететін шығарма.<br>Жұмаш Көксеректі күшік кезінен асырайды.<br>«Көксерек» әңгімесі 1974 жылы жазылды.<br>М.Әуезов күнтізбе бетіндегі боранды күнгі қасқыр суретіне қарай жүріп, бала кезінде күніге аңшылардан естіген әңгімелерін еске түсіріп, «Көксерек» әңгімесін жазған болатын.<br>Көксерек ауыл иттерімен бірге қасқырларға шауып, ауыл малдарына жолатпай қояды.<br><br>III топқа:<br>**Дұрыс жауабын таңдаңыз.**<br>«Көксерек» әңгімесінен келтірілген мысал қай жануардың бейнесі?<br><br>*Аяқтарының жуандық сомдығы кем емес. Дене жүні ақсарылау келгенде, маңдайы шаңқиған ақ маңғыл қасқа болатын. Екі көзі шатынап, шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, күдірленіп, дүңкиіп тұрады. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды.*<br>Көксеректің | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/7-synyp/lesson/muxtar-auezov-kokserek-anggimesi |

| | | |
|---|---|---|
| | Қара төбеттің<br>Аққасқаның<br>Тазы иттің | |
| Рефлексия<br>2 минут | ҚБ Кері байланыс<br>**«МИКС» жаттығуы** арқылы | Үлестірме қағаздар |
| Бағалау<br>1 минут | **ҚБ «Оқиға тауы»** арқылы бағалау.<br>Өзіңнің қандай биіктікте немесе қай жолда тұрғаныңды белгіле | Үлестірме қағаздар |
| Әріптестің кері байланысы | Тәжірибе, ұсыныс портфелі. | Үлестірме қағаздар |